

Қазақстан Республикасының Индустрия және
жаңа технологиялар министрлігіҚазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрінің 2013
жылғы 26 тамыздағы № 258
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2013 жылы 25
қыркүйекте № 8736 тіркелді. Күші
жойылды - Қазақстан
Республикасы Инвестициялар
және даму министрінің 2018
жылғы 11 мамырдағы № 325 (2018
жылғы 29 маусымнан бастап
қолданысқа енгізіледі)
бұйрығыменМинистерство индустрии и новых технологий
Республики Казахстан

"Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 44 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 11.05.2018 № 325 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 21-бабының 1-тармағына және «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі Заңының 5-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 44 бұйрығына (№



6800 нормативтік құқықтық акт Мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылғы 7 сәуірде № 134-137 (26539) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережеде:

3-тармақ мұндай редакцияда жазылсын:

«3. БИӨК құрамын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы бекітеді. БИӨК құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері және келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ тау-кен өндіру мен қайта өңдеу салаларының мамандары кіреді.»

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Б.Қ. Нұрабаев) заңнамамен белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Н.Е. Сауранбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қазақстан
Республикасының Индустрия
және жаңа технологиялар
министрі**

Ә. Исекешев